

Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2022 – 2023 оқу жылындағы класс жетекшілер бірлестігінің жылдық жұмыс жоспарына талдама

Мақсаты:

1. Сынып жетекшілерінің шәкірттерін тәрбиелеудегі заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруі.
2. Әр сынып жетекшінің қызметі мен педагогикалық шеберлігін дамытуына жағдай туғызу.
3. Заманауи талаптарды ескере отырып тәрбие жұмысын жоспарлау.
4. Ата-аналар жиналысын өткізуде жаңа әдістерді қолдану.


«Сынып сағатын дайындау мен өткізу технологиясы» тәжірибелік жұмыс. Сынып жетекшілер өз сынып сағаттарының өту процесстерімен, идеяларымен және техникаларымен бөлісті. Өзара пікір алмасу болды. Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысы сарапталды. Сыныптардың жылдық тәрбие жұмыстары бекітілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы іс-шаралар жоспарымен таныстырылып, оқушыларға видеоролик, презентациялар көрсетілді. Қоғамдық ұйымдардың («Жас ұлан», «Қыз жібек», «Жас сарбаз»,) жұмыс жоспарлары бекітілді.

Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшісінің рөлі талқыға салынып, коучинг ұйымдастырылды. Сыныптарда қыз балалармен жұмыс ұйымдастырып, жандандырулар енгізілді. 1 - 4 сыныптарының жағдайы, сынып жетекшінің сыныппен жұмысының есебі қаралды.

Зорлық –зомбылықтың алдын алу шарасы бойынша оқушыларға видеоролик көрсетілді. Оқушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесінің жағдайы қаралды. Және осыған орай сынып жетекшілері сынып сағатын өткізді. Мақсаты: елін, жерін, өз Отанын сүйге бағыттау. Ата-аналар жиналысын дайындау мен өткізу технологиясын презентация арқылы көріп, ортаға салынды.

5-8 сынып жетекшілердің мектепте өткізілетін шаралар, байқаулар, акцияларды өткізу бойынша жұмыс есебі тапсырылды. Мектепшілік байқауларға, іс-шараларға оқушылар аса қызығушылықпен, белсенділікпен қатысты. Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүргізілді.

Соңғы қоңырау мен мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар тасталды. Жыл соңында сынып жетекшілер мониторинг нәтижелерін ортаға салды. Жаңа оқу жылына арналған перспективті жұмыс жоспары талқыланып, оқушылардың жазғы еңбек практикасы және сауықтыру демалыстары ұйымдастырылды.

Бірлестік жетекшісі:  А.А.Қасымова